



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 15 (8278) Сенбі 7 ақпан 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

Әкім есеп берді, ел не деді?

Атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы жоспарлар нақтыланды

А.Шотбасова.
«Ауыл жаңалығы».

Осыған дейін 18 ауылдық округте ұйымдастырылған байзақ ауданының әкімі М.Ж.Шүкеевтің тұрғындар алдындағы ауданның 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебі сәрсенбі, 4 ақпанда қорытындыланды. Аудандық Әл-Фараби

Есепті жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнімі де өскен. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы негізінде 11 жоба іске асырылған. «Rol-la-7», «База сервис», «Тара-Z», «Тау-Дос», «Асылбек», «Асыл-мұра қызмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен «Карпыков», «Шахристан», «Лесняк», «Жабатаева Л», «Мамбетова» жеке кәсіпкерлері субсидияланған 7 пайыздық мөлшермен несие алып, тиісті



АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНЕ БҮЛ КҮНІ ОБЛЫСТЫҚ, АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, МЕКЕМЕ, ҰЖЫМ БАСШЫЛАРЫ, ҰСТАЗДАР, ДӘРІГЕРЛЕР, АКСАҚАЛДАР МЕН ЖАСТАР ҚАУЫМЫ КӨПТЕП ЖЫЙЛДЫ. ЖИЫҢҒА СОНЫМЕН ҚАТАР, ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ҚАЛИЖАН ӘБДІРАЙЫМОВ ҚАТЫСЫП ОТЫРДЫ.

Мұратхан Жүнісәліұлы Елбасы өткен жылы жариялаған «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Жолдауында дүниежүзілік дағдарыс жағдайлары Қазақстанға да өз ықпалын тигізбей қоймайтынын атап өткендігіне тоқталып, оған қарсы шара қолдану, ел экономикасын өркендету, дамыған мемлекеттердің қатарынан лайықты орын алу үшін біріге істеудің маңыздылығын сөз етті. Баяндамада аудан әкімі өңіріміздің өткен жыл көлемінде жеткен жетістіктерін әңгіме қылды. Ауданның өнеркәсіп кәсіпорындарымен өндірілген өнім көлемі, ауылшаруашылығы саласындағы алға жылжушылықтар, соның ішінде «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламаларының сәтті жүзеге асырылуы, жылжымайтын мүлік, жұмыстар, шағын тауарлы сүт фермаларын салу бойынша істелініп жатқан істер, аудандағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін цехтардың жағдайы жайында егжей-тегжейлі айтылды. Үш шұжық, 1 өсімдік майын өндіретін, 2 макарон, 1 сүт өнімдерін шығаратын цехтар, көкөніс сақтайтын 7 қойма тұрақты түрде жұмыс жасайтындығын ауызға алған М.Шүкеев көкініс өңдейтін цехтардың жоқтығын алға тартып, осы бағытта істеудің тиімділігін тілге тиек етті. Тамшылатып суғару технологиясының пайдасын түсіндірді.

жұмыстарын жүзеге асырса, алдағы жылдары олардың қатарына тағы үш «Нұр», «Қанай», «Серік» шаруа қожалықтары қосылады деп мәлімдеді Мұратхан Жүнісәліұлы. Ерекше айта кетерлігі - жылдың ең жағымды жаңалығы ретінде Сарыкемер ауылының ортасынан бой көтерген жеке кәсіпкер А.Жамишжановтың «Еңдік» балабақшасы өзгелерге үлгі етілді. Мұндай бастамаға Елбасының өзі қамқорлық танытатындығын атап өткен аудан әкімі кәсіпкерлердің болашақта осындай игілікті істі қолға алуы керектігін айтты.

Баяндамашы сонымен қатар, ауылдарды газбен, ауызсумен қамту, «Өңірлерді дамыту», «Жұмыспен қамту-2020», «Өрлеу» бағдарламаларының жемісі, аудан бюджетінің орындалуы жайында айтып беріп, аудандық мәңдегі автомобиль жолдарын, елді мекендер көшелер мен «Дихан-Жеңіс» арасындағы жолдың 7,810 шақырымында, сонымен қатар «Королевка - Жібек жолы - Көкбастау - Жақаш - Көкөзек» автожолдарында атқарылған. Ал, аудандық бюджеттен бөлінген 48 млн. теңгеге Сарыкемер ауылындағы Сыздықбаев көшесі, Бұрыл ауылындағы Белқожа каналы арқылы өтетін көпір орта және аудандағы 11 елді мекеннің 16 жолының 34 шақырымы ағымды жөндеуден өткен.

(Жалғасы 2-бетте)

Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл

ЕЛ БІРЛІГІ МЕН ТАТУЛЫҒЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Елімізде 1995 жылдың 1 наурызында этносаралық қатынастарды үйлестіру институты - Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Елдік, қоғамдық зор мәнге ие осы Ассамблеяға биыл 20 жыл толып отыр. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланды.

Г. Ермұратова,
«Ауыл жаңалығы».

Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан тәуелсіз еліміздің мерейлі мерекелерінің бірі-«Қазақстан халқы Ассамблеясының ашылуы» атты синхрон-акция 6 ақпан күні ауданымызда кеңінен аталып өтілді.

Мерейлі шара алдымен аудан орталығындағы «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында орналасқан «Байзақ ауданының этномәдени орталықтары» бөлмесінен бастау алды. Мұнда аудан аумағында жұмыс істеп жатқан түрік, орыс, көріс және неміс этномәдени орталықтарының тыныс-тіршілігімен аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ә.Қылыбаев, аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Үкібаев, аудан әкімінің орынбасары С. Кенжебаев және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Р.Шәметов танысты. Түрік этномәдени орталығының жетекшісі-М.Раджамов, орыс этномәдени орталығының жетекшісі Л.Горр, көріс этномәдени орталығының жетекшісі



Синхрон-акция аясында Сарыкемер орта мектебінің ұстаздары мен жоғары сынып оқушылары сахналаған театрландырылған көрініс көпшілікті тәнті етті. Онда Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ата заңымыздың 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70

ортақ отбасымыз!» атты балалардың мерекелік бағдарламасы, қылқалам шеберлерінің «Бір ел-бір тағдыр!» атты көрмесі, «Беріміз бірге-мықтымыз!» айдарымен спорт түрлерінен жарыстар мереке салтанатын асырды.

-Үстіміздегі жылы Қазақ

хандығының 550, Қазақстан халқы Ассамблеясының және Конституциямыздың 20, Жеңістің 70 жылдығы аталып өтіледі. Мерейлі белестер-ұлттық идеямыз-«Мәңгілік Ел» идеясын іске асыруда ел бірлігін көздің қарашығындай сақтауға, тәуелсіздігімізді қастерлеуге бастайтын ізгі жол деп білеміз,-дейді бізбен әңгімесінде көріс этномәдени орталығының мүшесі Л.Кужелева.

- Тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді де берік іргетасына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы-«Бір ел-бір тағдыр» айдарымен өткерілуіде. Елбасымыз өзінің өткен жылғы 11 қарашада Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бүкіл әлемді жаңа сындар мен қатерлер күтіп тұрғанын, әлемдік дағдарысты елімізде қоғамдық келісімді, татулық пен тұрақтылықты сақтағанда ғана жеңетіндігімізді айтқан болатын. Шындығында да



Н.Шин және неміс этномәдени орталығының жетекшісінің міндетін атқарушы В.Найденова атқарылған жұмыстар жөнінде қысқаша мәлімет берді. Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының жариялануына байланысты Туды қаратқандар Азия ойындарының тұңғыш чемпионы Г. Гафурова мен түрік мәдени орталығының жетекшісі М. Раджамов көтерді.

Алаңға жиналған қауымды аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ә.Қылыбаев құттықтап, Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихына, елімізде салтанат құрған этносаралық татулық пен келісімді бірегей үлгісінің қалыптасқандығын, көпконфессиялы, көпэтносты қоғамда бірлікті сақтау мен нығайтуда Елбасының сіңірген еңбегін, экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалар этносаралық тағаттылық пен үйлесімнің арқасында табысты жүргізіліп келе жатқандығын, бейбітшілік пен тыныштық әр үйдің баға жетпес байлығына айналғандығына тоқталды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Р.Шәметов бірлік пен татулық арқасында көпұлтты елімізде қабырғалы істер атқарылып, сан ұлт өкілдері бір үйдің баласындай тату-тәтті ғұмыр кешіп, ел игілігі жолында еңбек етіп жатқандығын, қазіргі таңда ел бірлігін сақтау, достықты ұлықтау-әрбір қазақстандықтардың міндеті екендігін айтты. Орыс этномәдени орталығының жетекшісі Л.Горр Қазақстан халқының бірлігі, мемлекеттік тіл, барша азаматтардың теңдігі және Отанымыз алдындағы жауапкершілік - Қазақстанның ары қарай қарышты дамуының көпкілі екендігін әңгімеледі.

жылдығы біріктіріле өріліпті. Ел тәуелсіздігі мен азаттығы жолында қол бастаған батырлардың ерліктері, шаттыққа бөленген жастардың бал-бұл жанған жүздері, қазақ жерін мекен еткен сан ұлт өкілдерінің татулығын паш еткен көріністің шырайын «Жастар қоғамдық келісімді қолдайды» атты жастардың флэш-мобы келтірді. Аудан жастары қазақ жерін мекендеген әртүрлі ұлт өкілдерінің билерін нақышына келтіріп биледі. Балғын спортшылар спорт түрлерінен өнер көрсетсе, көріс этномәдени орталығының бишілері мың бұрала билеп, көрермендерге қуаныш сыйлады.

Киелі қазақ жерінде тұратын ұлттар мен ұлыстардың бірлігін, ынтымағын, этносаралық және конфессияаралық келісімді ұлықтаған автокеруен шеруі де акцияға өзіндік әр берді. Аудандық Әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің әншілері әннен шашу шашса, барлық білім ошақтарында «Қазақстан халқы Ассамблеясы-бірлік, келісім және достық» тақырыбында тарихи сабақтар өткерілді. Кітапханаларда «Бірлік-табыс кепілі!» атты тақырыптық көрмелер, қолөнер шеберлерінің «Көрме-жәрмеңкесі, «ҚХА фотошежіресі», «Мен, сен, ол -

тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепті. Осылайша түрі басқа болғанымен, тілегі бірі, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды. Сондықтан әрбір қазақстандық елдің тұтастығы мен бірлігін, татулығы мен тыныштығын сақтауға үлес қосуы тиіс деп санаймын. Өйткені ел бірлігі бәрінен де қымбат, - деп сөзін түйіндеді байзақтық онколог-дерігер А.Махмудов.

Халық бірлігі-мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстаған Қазақстан Республикасы болашағы жарқын, келешегі кемел, ұлы мақсаттар қоя алатын мемлекет екендігін әлемге мойындатты. Бұл күні еліміздегі барлық этностар арасындағы шынайы келісім мен бірлік дәріптелді, әндер шырқалып, көк аспан төрінде шарлар қалықтады.



Әкім есеп берді, ел не деді?

Атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы жоспарлар нақтыланды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өңіріміздегі денсаулық, білім, мәдениет, спорт салаларында да тиісінше ілгерілеу бар. Өткен жылы денсаулық сақтау нысандарына күрделі жөндеу жұмыстары үшін 28,5 млн. теңге бөлініп, аудандық аурухананың терапия және балалар бөлімі жөндеген. Дәл осылай 10,3 млн. теңгеге ауылдық дәрігерлік

спортшыларымыздың жеңістерін, ұлттар арасындағы тату тірлікті мақтанышпен жеткізе отырып, қылмыспен күрес және олардың алдын-алуда айтарлықтай жұмыс жасалғанымен, бүгінгі таңда бөтеннің мүлкін ұрлау, мал ұрлығы-басты мәселе болып отырғанын жасырмады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне бұл бағыттағы жұмыстарды мейлінше

катысты бірқатар мәселелерге назар аударуын сұранды. Қазыналы қария ауыл шаруашылығы саласын өркендету – өмір талабы екендігін айта келе, қант қызылшасын өсіріп, сатуда кездесетін кейбір проблемалар, ағын су мәселесі, ауыл шаруашылығы мамандарының жетіспеушілігі және аудан орталығы Сарыкемер ауылындағы ауыз су құбырларының мүлдем істен шығуы,

осы тұрғыда облыс тарапынан тиісті көмек көрсетілсе деген тілегін айтты.

Кәсіпкерлерге берілетін көмек күшейтілсе деген өз өтінішін Сарыкемер ауылының тұрғыны Салиха Садыкова да айта келіпті. Азаматшаның наубайхана ашу ісінде аудан басшылығының қолдауы қажет деген сұранысына және Сарыкемер ауылының тұрғыны Асхат Ракуловтың орталықта ауыз су проблемасы қашан шешіледі, жер берудегі кәсіпкерлерге кім жауапты, газ құбырын тартуда кеткен кемшіліктер турасындағы сұрақтарға аудан әкімі

М.Шүкеев тиісінше жауап қатты. Қалай дегенде де аудан басшысы қандай да бір мәселе болмасын барлығы заң негізінде шешілетіндігін айтты.

Есепті жиында мұнан өзге аудан әкіміне жазбаша түрде келіп түскен - Ю.Гагарин орта мектебіне жөндеу жүргізу, Д.Қонаев көшесіне аялдамалар орнату сияқты сауалдар да жауапсыз қалмады.

Жиынды Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қалижан Серікұлы қорытып, аудан басшысына бірқатар міндеттер жүктелді. Ең негізгісі Елбасының «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Жолдауында жүктелген тапсырмаларды орындау – ортақ іс екендігін айтып, алда болатын айтулы мерейтойларды жоғары деңгейде атқаруға шақырды. Болашақ бастамаларға табыстар тіледі.

Кездесуде Байзақ ауданы әкімінің 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебінің көрсеткіштері слайд арқылы таныстырылып, арнайы дайындалған бейнефильм жұртшылық назарына ұсынылды.

Есепті кезеңде атқарылған жұмыстарға тұрғындар тарапынан қанағаттанарлық деген баға берілді.



амбулаториялар ағымдағы жөндеуден өткен. Ал, 2014 жылы Көктал және Ақжар ауылдарында заманға сай салынып, жаңа медициналық құралдармен жабдықталған дәрігерлік амбулаториялар халық қолданысына берілген. Өткен жылы мұнымен қоса, Мырзатай ауылдық округінде жобалық сметалық құны 1168,4 млн. теңгені құрайтын Туберкулезге қарсы аурухананың құрылысы басталған болатын. Алдағы уақытта Алла бұйырса, аталмыш емдеу нысаны да пайдаланылуға беріледі. Байзакта бала санының артуы да байқалады. 2013 жылы 1 954 бала өмірге келсе, өткен жылы 2 184 бала туылған. Иә, бала саны артқанымен, ҰБТ-ден балл саны көбеймей отыр.

“Біздегі білім саласын жандандыруға әр жыл сайын қомақты қаражат бөлініп келеді. Алайда, облыс көлемі бойынша ұлттық бірыңғай тестілеудің көрсеткіші көңіл көншітпейді. Сол себепті тиісті сала басшылары мен мектеп директорлары, ұстаздар қауымы алда осы бір олқылықтың орнын толтыру үшін жұмысты жандандыруы қажет”, - деді аудан басшысы.

М.Шүкеев мәдениеттегі мәнді тірліктер, жастардың жарқын істері,

күшейтуді мықтап тапсырды.

Жалпы, жиын барысында осыдан бір жыл бұрынғы, яғни 2013 жылғы атқарылған жұмыстар бойынша есеп беру кездесулерде 13 мәселе бақылауға алынып, толық шешімін тапқандығы да есеп барысында айтылып өтілді.

Есепті баяндамасын қорыта келе, аудан басшысы барша байзақтықтарды «Маңгілік Ел» болу жолында қажырлы еңбек етуге үндеді.

Кезек жарысөзге беріліп, мінбеге көтерілген Бурыл ауылдық округінің әкімі Ерік Әліқұлов жылдан-жылға өсіп-өркендеген ауылдарға қарап қуанышқа кенелетіндігін айтса, «Әулие-Ата Феникс» ЖШС-нің төрайымы Фарид Жүнісова елімізде Елбасы бастап ел ағаларының нәсібін, кәсібінен тапқан жандарға айрықша қолдау көрсетуі оларды қуаттандыра түсетіндігін атап өтті. Аудандағы орыс этномәдени орталығының жетекшісі Горр Любовь татулықты ту ете еліміздің мәртебесін арттыруға шақырса, еңбек ардагері Бердібек Омаров өңірімізде өткен жылы атқарылған жұмыстарға он бағасын беріп, аудан, облыс басшыларының ауыл шаруашылығы саласына

АЗАМАТТАР ӨЗЕКТІ

МӘСЕЛЕНІ КӨТЕРДІ

Сәрсенбі, 4 ақпан күні «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлімінде облыстық мәслихаттың депутаты Дария Қожамжарова азаматтарды жеке өтініштері бойынша қабылдады.

Қабылдауға алғашқы болып келген Бурыл ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы С.Қуатбеков Бурыл және Құмжота ауылдарындағы тас жолдарға аялдамалар орнатылса деген өтінішпен келгендігін айтты. Өтініш иесінің мәселесі бойынша аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Р.Қойлыбаев Бурыл тас жолы облыстық мәндегі жолға жататындығын, өткен жылы Бурыл ауылындағы басты



жолға аялдама орнатылғандығын, ал Құмжота тас жолына аялдамалар орнату қарастырылып жатқандықтан оң шешімін табатындығын мәлімдеді. Байзақ аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары К.Беспиев ақсақал №11 сайлау округінен облыстық мәслихатқа депутат болып сайланған Дария Пернешқызына байзақтық ардагерлер кеңесін компьютермен қамтығаны әрі ардагерлерге көрсетіп келе жатқан қамқорлығына алғысын айтып, ризашылығын білдірді. Темірбектік Алтынбек Жанқұлиев суырыпсалма ақын Әзімбек Жанқұлиевтің есімін өзі оқыған Чапаев атындағы мектепке беру жөніндегі халықтың ұсыныс-тілектерін айтып, жәрдемдесуін өтініп келіпті. Таяуда жарық көрген Әзімбек Жанқұлиев туралы естеліктер кітабын халық қалаушысына тарту етті. Халық қалаушысы ел еркесі- айтыскер ақын Әзімбектің ақындық, азаматтық келбетінің, айтысқа қосқан үлесі туралы айта келе, көпшілік ұсынысының іске асуына қолынан келгенше жәрдем беретіндігін жеткізді. Жаңатұрмыстық жеті баланың әкесі Д.Парманов, сарыкемерлік алты баланың анасы А.Исаева және екі баланың анасы Б.Полатовалар жұмыссыз жүргендіктен, жұмысқа орналасуға ықпал етуін сұранды. Бұл жөнінде аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ә.Саққұлова жұмыссыз жүрген азаматтар алдымен жұмыспен қамту бөліміне тіркелу арқылы сұранысқа орай жұмыспен қамтылатындығы туралы мәлімдеп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қостөбелік М.Бешли-оглы жер мәселесі, ал С.Құрманалиев болса Қостөбе ауылындағы мектептің ескі әрі тарлығын айтып, жаңадан білім ошағының бой көтеруіне ықпал етуін сұрана келіпті. Аталған мәселе бойынша облыстық мәслихаттың депутаты Д.Қожамжарова ең алдымен апатты, үш аусымда оқытылатын мектептердің орнына жаңадан білім ошақтары салынатындығын, өтініш иесінің мәселесіне байланысты облыс әкіміне тиісті сауал, ұсыныс жасап заңдылығына сәйкес, жауап берілетіндігін жеткізді. Сонымен қатар, сарыкемерлік С.Садықова жеке кәсіппен айналысып жатқандықтан, ұн, көмірді арзандатылған бағамен алудың жолдарын білгісі келетіндігін сөз етті. Бұл жөнінде «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Тлепов кәсіпкерлікке елімізде кең жол ашылып отырғанын, арзандатылған ұнды алу жолдарын түсіндіріп, көмірмен қамту жайына түсінік берді.

Қабылдау барысында облыстық мәслихаттың депутаты Дария Пернешқызы барлық өтініш білдірген азаматтарға жан-жақты түсінік берумен қатар көтерілген мәселелердің заң шеңберінде шешілуіне барынша қолдау көрсететіндігін айтты.

Өз тілшіміз.

Маңызды құжатқа қол қойылды

Бейсенбі, 5 ақпан күні аудандық әкімдікте Байзақ ауданындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік қатынастарын реттеу жөніндегі үш жақты комиссияның төрағасы Д.Сұлтанбековтың басшылығымен отырыс болып өтті. Басқосудың басты мақсаты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.М.Сапарбаевтың үстеміндегі жылғы 21 қаңтардағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу бойынша республикалық үш жақты комиссияның отырысында берген хаттамалық тапсырмасын орындау болатын. Бұл жөнінде отырысқа қатысушыларға аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ә.Қилибаев кеңірек түсінік берді.



Осы негізде Байзақ ауданындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік қатынастарын реттеу жөніндегі аудандық үш жақты комиссия отырысында өндірістік процесті, еңбек құқығын қамтамасыз ету және қызметкерді жұмысқа орналастыруды тұрақтандыру мәселелері бойынша аудан әкімі, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасында маңызды құжатқа қол қойылды.

Меморандумдар «Талап» (жетекшісі М.Фазулов), «Достық» (жетекшісі Б.Битабаров), «Түймекент» (жетекшісі А.Биназаров), «Бапыш-Сейсенбай» (жетекшісі С.Рәпілбеков), «Нұр и К» (жетекшісі Н.Қожаков), «Үлгілі-2005» (жетекшісі Б.Еркебаев), «Ынтымақ-2004» (жетекшісі Е.Сандыбаев) шаруа қожалықтары мен «Жамбыл құс» (директоры М.Тұрмағанбетова), «Керамик Шағал» (директоры Е.Ли), «Аулие-Ата Феникс» (директоры Ф.Жунусова) жеке шаруашылық серіктестіктері арасында жасалды.

Өз тілшіміз.

20-летию Ассамблеи народа Казахстана посвящается

ПРАЗДНИК МУЗЫКИ

Р.Джакипбаева, «Ауыл жаңалығы».

На прошлой неделе в районной музыкальной школе имени К.Азербайева состоялся традиционный отчетный концерт, посвященный 20-летию образования Ассамблеи народа Казахстана. И это неспроста - примечательно то, что это один из самых многонациональных коллективов в районе, где работают и участвуют представители многих национальностей.

На творческий вечер были приглашены: бывший директор музыкальной школы О.Цой, заместитель акима района С.Кенжебаев, главный инспектор аппарата акима района С.Иманова, аким Сарыкемерского сельского округа С.Тлеукулова, начальник отдела образования акимата района З.Дузенова, руководители этно-культурных центров района, родители.

Честь открыть торжественную часть вечера была предоставлена О.Цой, который возглавлял школу в течение 40 лет.

Олег Николаевич Цой сказал теплые слова в адрес тех, кто стоял у истоков создания школы, вспомнил всех, кто внёс свою лепту в становление музыкальной школы. Если при открытии здесь было всего четыре класса, то в настоящее время она насчитывает 208 учеников, обучающихся на 12 инструментах.



Сегодня школа считается одной из лучших не только в области, но и в республике. 27 выпускников школы обучаются в различных

музыкальных высших и средних заведениях страны. Почти все преподаватели, а их около 30 – бывшие воспитанники музыкальной школы К.Азербайева. Именно они сегодня вынесли на суд зрителей итоги своей годовой творческой работы.

По традиции концерт был открыт исполнением куя Курмангазы «Саранжан» в исполнении ансамбля домбристов, под руководством преподавателя Д.Есеналиевой.

Главным украшением вечера стали, конечно, народные песни, мелодии, танцы народов, населяющих нашу республику. Также звучали классические произведения отечественных и зарубежных композиторов в исполнении преподавателей и учащихся школы. Произведения Ф.Шопена, М.Дунаевского, Огинского, А.Малдыбаева, Е.Усенова звучали в исполнении преподавателей и учащихся школы – пианистов, гитаристов, скрипачей, кобызистов: В.Коточигова, М.А.Кпенбетовой, Ж.Омаровой, В.Нем, А.Ли, Л.Крымцевой, Т.Ким, Ж.Жолдыбаевой.

Многие участники творческого вечера – лауреаты республиканских, областных конкурсов, победители и номинанты различных смотров, фестивалей, конкурсов.

Среди исполнителей был и гость вечера, бывший воспитанник школы, нынешний студент Алматинской консерватории имени Курмангазы Р.Жексенби, который исполнил «Күй – тартыс» вместе с преподавателем школы, лауреатом

международного конкурса Ж.Ажмухановым. Ярким заключением концертной программы стала песня «Қазақстан қыран далам» в исполнении хора, солистой была преподаватель школы Е.Соловьёва.

Громким аплодисментами сопровождалось каждое выступление участников концерта.

Тема мира и межнационального согласия «красной нитью» прошла через все концертные



номера. Участники творческого вечера показали свой высокий потенциал и выдержали экзамен на творческую зрелость.

В завершение вечера выступила руководитель районного этно-культурного центра Л.Горр, которая поблагодарила за огромное удовольствие, полученное от сегодняшнего вечера, пожелала коллективу школы творческих успехов, огромной любви к Родине, родному народу.

«При первых аккордах фортепиано, струн скрипок, кобыза начинает оттаивать душа и уносится ввысь, заставляя нас на миг остановиться и позабыть повседневные заботы и проблемы. Большое спасибо вам за незабываемые минуты», - закончила свою речь Л.Горр.

Мастерское исполнение музыкальных произведений, звонкие голоса, яркие национальные костюмы, неповторимая энергетика – всё это оставило неизгладимое впечатление в сердцах гостей творческого вечера. Словом, состоялся настоящий праздник музыки, которая «строить и жить помогает».